№11 (455)
30 қараша
2020 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# БІЛІМНІҢ КІЛТІ - КІТАПТА




**Илия Мазылбекова Zhubanov University Ғылыми кітапханасының директоры, «Жұбанов» медалінің иегері**

4-5 бб

## Осы санда



ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ – ҰЛТТЫҚ БРЕНД

8-9 бб



НЕЙРО-ХИРУРГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МҮМКІНДІГІ ЖЕТКІЛІКТІ

10-11 бб



ПОЛЕЗНЫЙ КУРТ

16-стр

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## РЕКТОР УНИВЕРСИАНТТАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Zhubanov University ректоры Бауыржан Ердембеков университанттарды Халықаралық студенттер күнімен құттықтады. "Қазақ елінің болашағына қуат берер ол — бүгінгі студент, ертеңгі рухы биік азамат! Мерекелеріңіз құтты болсын, жас достар!" — деп жазды ол университеттің 15 мың білім алушысына арнаған онлайн құттықтауында.

Бүгінде Zhubanov University АРТА (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) рейтингісінде Қазақстанның үздік ЖОО арасында 4-ші орынға ие. Соңғы үш жылда білім алушылар қатары 5 мыңға толықты.

"Біздің университеттің тартымдылығының негізі ретінде қос дипломды және дуалды білім беру мүмкіндіктерін, аралас және жаңа білім беру бағдарламаларының пайда болуын, түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын атауға болады. Университанттардың 50%-ы тегін білім алады. Олардың ішінде ҚР БҒМ білім грантының, университеттің атаулы гранттарының, облыс әкімі грантының және әртүрлі өндірістік кәсіпорындар гранттарының иегерлері бар. «Серпін» жобасы аясында Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Алматы қалаларынан келген студенттер оқиды. Студенттер қатарын алыс және жақын шетелдерден (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан және Моңғолия) келген 1000 студент толықтыра түсті. Айта кету керек, 2018 жылы университетте «Ата Қоныс – Ақтөбе» жобасы басталып, оның аясында алыс және жақын шетелден келген ұлты қазақ студенттерге арнайы жеңілдіктер қарастырылған", — дейді ректор.

## РЕКТОР ПОЗДРАВИЛ УНИВЕРСИАНТОВ

Ректор Zhubanov University Бауржан Ердембеков поздравил университантов с Международным днем студента. «Сегодняшний студент - сила будущего Казахстана! С праздником, дорогие друзья!» - написал он в своем онлайн поздравлении 15 тысячам студентам ВУЗа. Сегодня Zhubanov University занимает 4-е место среди лучших университетов Казахстана в рейтинге НААР (Независимое агентство аккредитации и рейтинга). За последние три года прирост обучающихся составил 5000 человек. «Привлекательность нашего университета основывается на возможности двудипломного и дуального образования, открытии смежных и новых образовательных программ, востребованности выпускников на рынке труда. 50% студентов ВУЗа получают бесплатное образование, в том числе образовательные гранты МОН РК. В рамках проекта «Серпин» обучаются студенты из Южно-Казахстанской, Жамбылской, Кызылординской, Мангистауской и Алматинской области. Порядка 1000 студентов приезжие из ближнего и дальнего зарубежья (Россия, Китай, Узбекистан, Кыргызстан и Монголия). Следует отметить, что в 2018 году в университете стартовал проект «Ата Қоныс — Актобе», который предусматривает особые льготы для этнических казахов из ближнего и дальнего зарубежья », — сказал ректор.

## RECTOR CONGRATULATED THE STUDENTS

Rector of Zhubanov University Baurzhan Yerdembekov congratulated the university students on the International Students' Day. "Today's student is the power of the future of Kazakhstan! Happy holiday, dear friends! " - he wrote in his online congratulations to 15 thousand university students. Today Zhubanov University ranks 4th among the best universities in Kazakhstan in the IAAR rating (Independent Agency for Accreditation and Rating). Over the past three years, the number of students has increased by 5,000. "The attractiveness of our university is based on the possibility of double-degree and dual education, the opening of related and new educational programs, the demand for graduates in the labor market. 50% of university students receive free education, including educational grants from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Students from South Kazakhstan, Zhambyl, Kyzylorda, Mangistau and Almaty regions are trained within the framework of the Serpin project. About 1000 students come from near and far abroad (Russia, China, Uzbekistan, Kyrgyzstan and Mongolia). It should be noted that in 2018, the university launched the Ata Konys - Aktobe project, which provides special benefits for ethnic Kazakhs from near and far abroad, "the rector said.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## АҚТӨБЕДЕ ЖАҢА МЕДЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

Жаңадан ашылған «Зере-Мед» зертханасында Covid19 коронавирус инфекциясына анықтама жүретін болады. ПТР тест жүргізуге арналған аппараттар АҚШ, Германия және Қытай мемлекеттерінен сатып алынған.

Бұл жабдықтар қауіпті инфекцияның ағзада бар-жоғын 5 сағаттың ішінде анықтай алады. Covid19 індетінің бірінші толқынында ПТР тест өткізуге байланысты қиындықтар туындаған болатын. Осы жағдай қайталанбас үшін Үкімет мемлекеттік зертханалардың аздығына байланысты жеке зертханалар қатарын көбейтуді ойластырды.

«Зере-Мед» зертханасының ресми ашылуына қатысқан облыс әкімінің орынбасары Нұржауған Қалауов бүгінгі күні барлығы төрт зертхананың жұмыс істеп тұрғанын, оларда күніне 1900 тест өткізуге мүмкіндік барын айтты. Ал жаңа «Зере-Мед» зертханасында бір тәулік ішінде 1000 тест жасауға болады. Жуық арада тағы бір жеке кәсіпкер медзертхана ашуға ниет білдірген. Осылайша әлемді жайлаған індеттің екінші толқынында алдын алу мен анықтау шаралары өңірімізде дер шағында өтеді деген сенім бар.



## В АКТОБЕ ОТКРЫЛАСЬ НОВАЯ МЕДЛАБОРАТОРИЯ

В новой лаборатории «Зере-Мед» будут проводить тестирование на COVID-19. Аппараты для ПЦР-исследования были закуплены в США, Германии и Китае. Оборудование выдает результат о наличии опасной инфекции у человека за 5 часов. В первую волну COVID-19 возникали сложности с проведением ПЦР - тестов. Для предотвращения проблем в связи с недостаточностью государственных лабораторий Правительство решило увеличить сеть частных лабораторий. Участвовавший в открытии лаборатории «Зере-Мед» заместитель акима области Нуржауган Калауов, отметил, что на сегодня в регионе 4 лаборатории задействованы в тестировании на COVID-19. В сутки они выдают в общей сложности 1900 результатов. А в лаборатории «Зере-Мед» можно проводить до 1000 исследований в сутки. В ближайшее время еще один предприниматель намерен открыть медицинскую лабораторию. Таким образом, в области может быть решен вопрос с быстрым определением инфекции у населения, что поможет в борьбе с мировой пандемией.

## A NEW MEDICAL LABORATORY OPENED IN AKTOBE

Testing for COVID-19 will be carried out in the new Zere-Med laboratory. Apparatus for PCR studies were purchased from the USA, Germany and China. The equipment gives a result about the presence of a dangerous infection in a person in 5 hours. In the first wave of COVID-19, there were difficulties with conducting PCR tests. To prevent problems due to the lack of state laboratories, the Government decided to expand the network of private laboratories. The deputy akim of the region Nurzhaugan Kalauov, who participated in the opening of the Zere-Med laboratory, noted that today 4 laboratories in the region are involved in testing for COVID-19. They produce a total of 1900 results per day. And in the laboratory "Zere-Med" you can carry out up to 1000 tests per day. In the near future, another entrepreneur intends to open a medical laboratory. Thus, in the region, the issue of rapid identification of infection in the population can be resolved, which will help in the fight against the global pandemic.

## 29 ЖАСАР ДӘУЛЕТ ҚАНТӨРЕҰЛЫ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ ДИРЕКТОРЫ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Жас директор Zhubanov University түлегі, магистр дәрежесін Қытай Халық Республикасының Синьцзян қаржы-экономикалық университетінде алған. Қытай тілінің маманы. Осыған дейін төрт жыл осы университеттің Халықаралық ынтымақтастық орталығында ғылыми қызметкер болды.



Дәулет Қантөреұлы елімізде тұңғыш «Nur Otan» партиясы өткізген праймеризге қатысып, өзінің азаматтық белсенділігін көрсетті.

Кадр құрамын жасарту университеттің стратегиялық батыл жоспарының бірі. Соған сәйкес соңғы екі жылда ғылыми-педагогикалық өмір жолын таңдаған 200-ден аса жас маман жұмысқа қабылданып, олардың тұлғалық өсуіне жан-жақты жағдай жасалып жатыр.

## 29-ЛЕТНИЙ ДАУЛЕТ КАНТОРЕУЛЫ НАЗНАЧЕН ДИРЕКТОРОМ ВЫСШЕГО КОЛЛЕДЖА

Молодой директор — выпускник Zhubanov University. Степень магистра получил в Синьцзянском финансово-экономическом университете КНР. Является специалистом по китайскому языку. До назначения четыре года работал научным сотрудником в Центре международного сотрудничества университета. Даулет Канторeулы принял участие в первом праймериз партии «Nur Otan» и проявил свою гражданскую активность. Подключение молодежи к кадровому потенциалу — один из смелых стратегических планов университета. За последние два года трудоустроено более 200 молодых специалистов, избравших научно-педагогический путь, созданы все условия для их личностного роста.

## 29 YEAR OLD DAULET KANTOREULY WAS APPOINTED DIRECTOR OF THE HIGHER COLLEGE

The young director is a graduate of Zhubanov University. He received his master's degree from the Xinjiang University of Finance and Economics, PRC. He is a Chinese language specialist. Prior to his appointment, he worked for four years as a research assistant at the University's Center for International Cooperation. Daulet Kantoreuly took part in the first primaries of the "Nur Otan" party and showed his civic activity. Connecting young people to human resources is one of the university's bold strategic plans. Over the past two years, more than 200 young specialists have been employed who have chosen the scientific and pedagogical path, all conditions have been created for their personal growth.

## Person of the month

**Zhubanov University ғылыми кітапханасы 1966 жылы құрылған. Кітапхана қоры бүгінде қажетті оқу және ғылыми әдебиетпен толық, мұнда оқырмандардың әлемдік электронды ресурстармен жұмыс істеуіне де мүмкіндік жасалған. Ғылыми кітапхана директоры Илия Мазылбекова хакім Абай айтқан “Кітап — тілсіз тәрбиеші” екенін ұғынған әр білім сүйген кітапханаға келіп, талаптанып, үйренуге құмартып тұратынына, онда рухани жетіліп, өмірдің мол сырына қанып шығатынына талай жыл куә болып келе жатыр. Сұхбатты жүргізген журналист Гүлнара Қараша.**



# БІЛІМНІҢ КІЛТІ -

**— Ұмытпасам, кітап оқуға әуес емес ұрпақ дәуірі 90-шы жылдардың ортасынан басталды. Сол кезде кітапханашылар қалай қызмет етті? Кітапханашы мамандығына қызығушылық күрт төмендегені, кадр тапшылығы болғаны да есте.**

— 90-шы жылдар кітапхана қызметкерлерінің есінде ауыр жылдар ретінде қалды. Кеңес үкіметінің құлауы кітапхана қызметінің дамуына түбегейлі кері әсерін қалдырғаны жасырын емес. Қаржыландырудың жетіспеушілігінен, әдебиет пен мерзімді басылымдар құнының үнемі көтеріліп отыруына байланысты кітапхана қорын толықтыру қызметі қиыншылыққа ұшырады. Штат бірліктерін қысқарту басталды, кітапханаларды дамытуға қаржы бөлінбеді. Соның салдарынан жабылып қалған кітапханалар болды. Уақытында берілмейтін аз айлыққа тек өз ісіне берілген мамандар ғана қалды. Мен университет кітапханасына қызметке 1992 жылдың мамыр айында келдім, ол кезде педагогикалық институт болатын. Кітапхана қазіргі Б.Сүлейменов атындағы ғимаратта және бас ғимаратта ғана болды. Көлемі шағын 2 оқу залы, 2 абонемент бөлімінде ол кезде 36 қызметкер жұмыс жасады. Студенттер кітапханада толып отыратын. Таңғы сағат 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс жасайтынбыз. Кітап жетпей студенттер оқу залдарында кезекпен кіретін. Жоғары оқу орны болғасын шығар, бізде кітапқа әуес емес жасты жалпы кездестірмедім.

**— Жұбанов кітапханасы бұрын ғылыми-әмбебап еді, қазір таза ғылыми кітапхана болып саналады. Осыған байланысты кітап қорының бағыты да өзгерген болар?**

— Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасында ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ұсынған жол картасы «Кітапхана жүйесін жаңғырту, заманауи құрылғылармен жабдықтау және цифрлы жобалар енгізу» бойынша бірқатар іргелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, 2018 жылы Web Ирбис автоматтандырылған бағдарламасы алынып, кітапхана қоры бір жүйеге көшірілді. Бұл бағдарламаның тағы бір ұтымдылығы оқырмандардың университеттен тыс қолдануға қол жетімділігі. Сол жылы Тұңғыш президент атындағы электрондық залы (80 орындық) ашылды, сонымен қатар жоғары жылдамдықты Optima A2 сканерімен (2019 жыл) жабдықталды. Бір мақтанышымыз, университет ғалымдарының еңбектерін жарыққа шығаратын “Жұбанов кітапханасы” сериясы бойынша 38 атаулы кітап баспадан шығарылды. Бұл игі жобаның авторы — университет ректоры Бауыржан Ердембеков. Алғашқы тұсаукесер рәсімі 2018 жылдың 22 наурызында, Ақтөбедегі Наурыз мерекесі шарасында, қала жұртшылығының қатысуымен өтті. Биыл 2-қазанда университеттің 85 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиында жаңа 14 кітаптың таныстырылымы өткізілді. “Жұбанов кітапханасы” сериясымен тарих саласы бойынша — 13, филология саласы бойынша — 10, экономика және құқық саласы бой-



ынша — 3, педагогика саласы бойынша — 7, техника саласы бойынша — 3, жаратылыстану саласы бойынша — 2 кітап баспадан шықты. Жақында мерейтой аясында қайта жаңғырған Қолжетімді оқу залы заман талабына сай жабдықталып, оқырмандардың бос уақыттарын тиімді өткізуіне арналған коворкинг орталығымен қамтамасыз етілді. Бүгінде ғылыми кітапхананың барлық оқу корпусында бөлімдері бар, жалпы кітап қоры 1,5 миллионнан астам құрайтын ірі ілім орталығы.

**— Қазір кітап оқу мәдениетін қайта қалыптастыру жүріп жатыр. Оқырманды бүгін кітапханаға қалай тартуға болады деп ойлайсыз?**

— Жаңа заман талабына ілесу әр кітапханашыға міндеттеледі. Рухани байлық кітап оқу арқылы молаяды. Жастарды кітап оқуға баулуды түрлі шаралар арқылы жүзеге асыруды мақсат етіп отырмыз. Университеттің кітапхана жүйесінде, жоғарыда айтып өттім, жаңашылдық көп. Қолжетімді оқу залы, коворкинг бұрышы заман твнысына лайық. Сонымен қатар оқырмандар үшін library.arsu.kz негізгі кітапхана сайты және neb.arsu.kz электрондық кітапханасы да қолжетімді.

Цифрландыру мақсатында енгізілген Smart Arsu мобильді қосымшасында электрондық кітапхана, шығу парағын толтыру, кітапқа алдын ала тапсырыс беру, бережақ кітап тізімін көру қызметтері жұмыс жасайды. Бұл қызметтерді пайдаланушылар кез-келген жерде отырып қолдана алады. Қазіргі әлемдегі Covid19 вирустық инфекциясына байланысты пандемия жағдайында кітапхана қызметкерлері Zoom бағдарламасы арқылы оқырмандарға online кеңес береді. Виртуалдық анықтама қызметі және құжаттарды электрондық жеткізу жағы да қарастырылған. Сондықтан бұрынғыдай кітапханада оқырманның толып отыруы шарт емес.

**— Қазіргі заманғы кітапханашы жәй кітапханашы емес, ол — маркетолог, психолог ролін де атқара алуы керек. Осы бойынша кітапхана қызметінде қандай өзгерістер бар?**

— Заман ағымына сай жаңалыққа ұмтылып жатырмыз. Ақпараттық жаңа технологиялар мен интернет жүйесі дамыған уақытта оқырмандарға дәстүрлі қызмет көрсетумен қатар, ақпараттық қызметтің сан алуан жолдары арқылы оқырмандарға қызмет көрсету кітапхана жұмысының күнделікті тыныс-тіршілігіне айналды.

Қазіргі уақытта кітапхананың қызметі мүлдем өзгерді деуге болады. Кітапханашы кітап оқып, уақытын өткізіп, үйіне қайтады деп ойласаңыз, қателесесіз. Өзіңіз айтып отырғандай қазіргі кезде заман ағымына сай кітапхана қызметін пайдаланушылардың интеллектуалды деңгейі мен сұраныстары өте жоғары, мазмұны да өзгерген. Бүгінгі кітапханашы – ол менеджер, ол — бағдарламашы, ол – психолог, бірнеше саланы меңгерген, дәлірек айтқанда, кітапхана ісінің дамуын алға жылжытатын, қызмет көрсетудің әдіс-тәсілін қалыптастыратын білікті маман болуы тиіс. Қоғамда кітапханашы беделі жоғарылап, мәртебелі мамандық ретінде танылa бастады. Сол үшін қуанамыз. Жақында әлеуметтік желіде еліміздегі кітапханалардың рөлі туралы қоғам назарын аудартқан пікірталас болды.

# КІТАПТА



**_Мазылбекова Илия 1962 жылдың 1-қыркүйегінде Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Байқадам ауылында (бұрынғы Сарыбұлақ совхозы) дүниеге келген._**

**_1969-1979 жылдары Қорғантұз орта мектебін, 1981-1985 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар институтының Кітапхана тану және библиография факультетін бітірген. Қазіргі қызметіне дейін бас библиограф, кітапхана директорының орынбасары, кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Еңбек өтілі - 35 жыл. Кітапхана саласына сіңірген еңбегі үшін ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен, Zhubanov University мерейтойлық медальдарымен, «Қ.Жұбанов» медалімен марапатталған._**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кітапханалар тағдырына қатысты бұл дауға нүкте қойды. Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайтынын Мемлекет басшысы ерекше атап өтті.

Қиындығы мен қызығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жұрт көп біле бермейтін, елене бермейтін, бірақ, дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жантәнімен беріліп, қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбектері ұшан-теңіз.

**— Жылдар өте кітап та тозады, жаңаланып отырыла ма?**

— Кітап тозса да өз құндылығын ешқашан жоғалтпайды. Көне кітаптарды жоғалтпау мақсатында online форматқа көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жыл сайын кітапхана қорын толықтыру үшін университет басшылығы 150-200 миллион теңге көлемінде қаржы бөліп отырады. Оған кафедра меңгерушілерінің тапсырыстары бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер, оқу процесіне қажетті электронды мәліметтер қоры, мультимедиялық оқулықтар алынады. Сонымен қатар мерзімді басылымдармен, көркем әдебиеттер қорымен де толықтырылып отырады.

**— Өзіңіздің кітапқа көзқарасыңыз? Қандай жанрда кітап оқисыз?**

— Кітапхана — ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, рухани байлық пен біліктіліктің киелі ордасы.

Бала кезімнен кітап оқуды жақсы көрдім, әсіресе поэзияны жаттап, М.Мақатаевтың, М.Шахановтың, Ф.Оңғарсынованың өзіме ұнаған өлең жолдарын қалың дәптерлерге көшіріп жазатынмын. Біздің студент шағымызда жатқа өлең оқу «сән» болды. Қазір де қол қалт еткенде поэзияға көңілім ауып тұрады. Дегенмен, өмір ағымына сәйкес психологиялық, бизнес жайлы көпшілікке танымал әдебиеттерді көбірек оқып жүрмін. Білімнің кілті — кітапта. Алтын қазына саналатын кітап әлемінде қызмет етудің бұйыруы мен үшін өмір сыйы деп білемін.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news







## КІТАПХАНАШЫСЫЗ КІТАПХАНА

Zhubanov University-де кітапханашысыз кітапхана ашылды. Мұнда оқырман өз-өзіне қызмет етеді. 130 орындық заманауи үлгіде жасақталған кітапханада қызмет көрсету негізі цифрландырылған. Алайда дәстүрлі түрде сөрелерге кітаптар да қойылған. Оқырман қалауына сәйкес таңдағанын пайдаланады. Пікір алмасуға немесе тынығуға қолайлы, жабдықталған коворкинг бөлмесі де қарастырылыпты.

Кітапхананың қолжетімді оқу залының 1-қабатында мамандықтарға қатысты оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, 2-қабатында энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар, сонымен қатар қазақстандық және әлемдік көркем кітаптар орналасты. Әзірге жалпы данасы 10 мың.

Кітапхананың ресми ашылуы кезінде кітапхана қоры университет ғалымдарының тартуларымен толықты. Мысалы, ректор Бауыржан Ердембеков жеке кітапханасынан 300-ден астам кітап сыйлады.

## БИБЛИОТЕКА БЕЗ БИБЛИОТЕКАРЯ

В Zhubanov University открылась библиотека без библиотекаря. Она работает в режиме самообслуживания. Расчитанное на 130 читателей, современное книгохранилище полностью цифровизировано. Здесь есть и традиционные библиотечные полки с книгами. Продумана оборудованная зона коворкинга для обсуждений и отдыха. На 1 этаже библиотеки размещены учебники, учебные пособия, на 2 этаже - энциклопедии, словари, справочники, а также казахстанская и мировая художественная литература. Общий фонд составляет 10 тысяч экземпляров. В ходе официального открытия библиотеки ученые университета подарили книжные презенты. К примеру, ректор Бауржан Ердембеков передал более 300 книг из своего личного фонда.

## LIBRARY WITHOUT A LIBRARIAN

A library without a librarian was opened at Zhubanov University. It works in self-service mode. Designed for 130 readers, the modern book depository is fully digitalized. There are also traditional library shelves with books. A well-equipped coworking area for discussion and relaxation has been thought out. On the 1st floor of the library there are textbooks, teaching aids, on the 2nd floor - encyclopedias, dictionaries, reference books, as well as Kazakh and world fiction. The general fund is 10 thousand books. During the official opening of the library, university scientists presented book gifts. For example, rector Baurzhan Yerdembekov donated more than 300 books from his personal fund.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Ақтөбе облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің мәліметі бойынша бүгінде облыста Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтарына қатысқан 1800-ден астам адам тұрады. Олардың 268-і мүгедек. Сондай-ақ дүниеден озған қатысушылардың 40 жесірі бар.

Семей полигоны 1991 жылдың 29-тамызында Қазақ КСР президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен жабылған болатын. 1949-1989 жылдар аралығында полигонда 456 ядролық сынақ жүргізілді. Барлық жарылыстың қуатын қосқанда Хиросимаға тасталған бомбаның қуатынан 2500 есе артық еді. Қазақстанда Семей полигонындағы сынақтан шамамен 1,5 млн.адам зардап шекті. Ақтөбедегі жаңа ескерткіш Бейбітшілік даңғылы мен Маресьев көшесінің қиылысындағы саябақта орналасқан. Ескерткіштің дизайнын жасаған Бақтыгерей Жапар. Қаржы бөлген «Парыз» қоғамдық қоры.

## УСТАНОВЛЕН ПАМЯТНИК ЖЕРТВАМ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОЛИГОНА

По данным Актюбинского областного управления обороны, сегодня в области проживает более 1800 человек, принимавших участие в ядерных испытаниях на Семипалатинском ядерном полигоне. 268 из них - инвалиды. Также есть 40 вдов погибших участников. Семипалатинский полигон был закрыт 29 августа 1991 года Указом Президента Казахской ССР Нурсултана Назарбаева. В период с 1949 по 1989 год на полигоне было проведено 456 ядерных испытаний, что в 2500 раз мощнее бомбы, сброшенной на Хиросиму. В Казахстане испытание на Семипалатинском полигоне затронуло около 1,5 миллиона человек. Новый памятник в Актобе расположен в парке на пересечении проспекта Мира и улицы Маресьева. Дизайн Бактыгерея Жапара. Финансовую поддержку оказал общественный фонд «Парыз».

## A MONUMENT TO THE VICTIMS OF THE SEMIPALATINSK TEST SITE WAS OPENED

According to the Aktobe Regional Defense Directorate, today more than 1800 people live in the region, who took part in nuclear tests at the Semipalatinsk nuclear test site. 268 of them are disabled. There are also 40 widows of the dead participants. The Semipalatinsk test site was closed on August 29, 1991 by the Decree of the President of the Kazakh SSR Nursultan Nazarbayev. Between 1949 and 1989, 456 nuclear tests were carried out at the test site, which is 2,500 times more powerful than the bomb dropped on Hiroshima. In Kazakhstan, a test at the Semipalatinsk test site affected about 1.5 million people. The new monument in Aktobe is located in the park at the intersection of Peace Avenue and Maresyev Street. Designed by Baktygerey Japar. Financial support was provided by the public fund "Paryz".

☑ Heritage

# ТОҒЫЗҚҰМАЛА
# ҰЛТТЫҚ БРЕН

Қазақ халқының ежелгі ұлттық спорты саналатын тоғызқұмалақтың пайда болуы зерттеушілердің пайымдауынша 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Тоғызқұмалақ ойынына ұқсайтын әртүрлі үлгілерді әлемнің бірқатар елдерінен, Шри-Ланкада, Египетте, Америкада жолықтыруға болады екен. Тағы бір қызықтысы, тоғызқұмалақты қырғыздар, қарақалпақтар, алтайлықтар да ой-




найды. Дегенмен тоғызқұмалақ қазақ халқының ежелгі ұлттық ойыны екеніне талас жоқ. Бұл ойынды қазақтың кемеңгер ақыны, хаким Абай өте сүйіп ойнаған, оның тоғызқұмалақ тақтасы туған жеріндегі музейде сақталып тұр. Кезінде бұл ойынға Алаш ардақтылары Шоқан Уәлиханов, Қалыбек Қуанышбаев, Сәрсен Аманжолов, Мұхтар Әуезов және Бауыржан Момышұлы қызығып, қолдау танытқан. Тұңғыш қазақ спорт журналисі Сейдахмет Бердіқұлов та көзі тірісінде тоғызқұмалақты ұлт арасында насихаттап, мақтаныш етті. Қазақ елінде 1974 жылы тоғызқұмалақтан алғаш рет республика біріншілігі өткен. Содан бері жыл сайын ел чемпионаты ұйымдастырылып тұрады. Әйтсе де тоғызқұмалақ спорты бұқаралық сипатқа 2001 жылы Қазақстан Республикасы тоғызқұмалақ федерациясы құрылғаннан кейін ие бола бастады. Федерацияны 2004 жылдан басқарып келе жатқан белгілі қоғам қайраткері Әлихан Бәйменов «Тоғызқұмалақ тек ойын, бәсеке емес, сонымен қатар ғасырлар бойы қазақтың жастарды тәрбиелеуге пайдаланып келген әдістемелік құралы десе болады. Себебі тоғызқұмалақ арқылы жүйелі ойлап, зердені дамыту секілді адамға қажет қабілеттерді жетілдіруге болады», — дейді. Әлихан Бәйменовтің бастамасымен қазір соңғы 10 жылдан бері федерация дүниежүзілік статусқа ие, тоғызқұмалақты әлем деңгейінде дамыту мақсатында жүйелі істер атқарып отыр.Тоғызқұмалақтан ұлттық құрама жасақталған. Оның қатары жыл сайын өтетін ел кубогында 1-2-ші жүлделі орын алған спортшылармен толығады.

Қазақстанда аз кезең ішінде бес рет Әлем чемпионатының, бес рет Азия чемпионатының, Германия және Францияда Еуропа чемпионатының өтуі тоғызқұмалақ спортына қызығушылық артып жатқанын дәлелдейді.

Адамның ақыл-ойын дамытатын, қабілетін арттырып, ми қызметін жетілдіретін бұл зияткерлік ойын қазір спорт, өнер, ғылым ретінде кең тарала бастады. Басында үш отау, бес отаулық шағын үлгілері болған болса, бүгінде жетілген тоғыз отаулық классикалық ережелі спорттық ойын қатарына енгізілді.



Қазақтың тоғызқұмалақ ойыны бұл күнде Қырғызстанда, Моңғолияда, Ресейде, Алтай мен Карашай-Черкес республикаларында ойналады. Қытайда және Еуропа елдерінде ойын ақпараттық жағынан насихаттала бастады, яғни бұл елдерде тоғызқұмалақ жайлы біледі. Ал АҚШ-тың Аляска Университеті тоғызқұмалақ ойынын зерттеумен айналысып жатыр. Осылайша қазақ халқының төл спортының бірі – тоғызқұмалақ әлемдік танымалдылық үстінде.

Тоғызқұмалақтың Ақтөбе өңірінде дамуына үлкен үлес қосқан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, облыстық зияткерлік ойындар федерациясын басқарған, марқұм Қабидолла Нұршин еді. Ол бастаған игі шаралар әрі қарай жалғасуда. Тоғызқұмалақ спорт қауымдастығына Zhubanov University ректоры Бауыржан Ердембеков басшылық ете бастағалы тоғызқұмалақ ойыны ерекше қарқынмен дәріптелуде. Университеттің негізгі саналатын №2 спорт кешенінде демеушілер қаржысына («Бақтыбай баба ата атындағы қор», төрағасы Қ.С.Баекешов), құны – 2 000 000 теңге шыққан Бақтыбай батыр Төлесұлы атындағы зияткерлік ойындар кабинеті жабдықталды. Арнайы жасақталған кабинет алдағы күнде тоғызқұмалақ ойыншыларының санын көбейтетін орталыққа айналуы мүмкін. Одан тыс университет тоғызқұмалақ ұлттық зияткерлік ойынын дамыту бағытында облыстық денешынықтыру және спорт басқармасымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Меморандум аясында ЖОО базасында тоғызқұмалақтан бірнеше жарыстар өткізілді. 2019 жылдың наурызында Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай Ақтөбе қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттік командалары арасында «Қабақ баба» қоғамдық қорымен бірлескен жарыс өтіп, оған 6 команда қатысты. Аталған жылдың қарашасында тары өсірудің дүниежүзілік рекордшысы Шығанақ Берсиев атындағы республикалық турнир өтті. Ашық турнирге қазақстандық



командалармен бірге Қырғызстан Республикасының да командасы қатысты

Ағымдағы жылдың басында, Жастар жылының қорытындысына орай ақтөбелік ЖОО-дары арасында тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылып, 6 студенттік команда өнер көрсетті. Одан соң сәуір айының соңында Zhubanov University 85 жылдығына арналып, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, қызметкерлері және білім алушыларының қатысуымен тоғызқұмалақтан online жарыс өткізілді. Оған 17 команда қатысты.

Осы қараша айының ортасында Ақтөбеде өткен тоғызқұмалақтан Қазақстан Кубогын

# Қ ОЙЫНЫ –
# Д



ұйымдастыру жұмыстарын атқарған да Zhubanov University болды. Кубокқа еліміздің өңірлерінен қатысушы 10 команда мүшелері арасында 11 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 20 спорт шебері, 43 спорт шеберлігіне үміткердің болуы жеңіске деген бәсеке қызуының зор болғанын білдіреді. Жарысқа қатысқан



Ақтөбе құрама командасы сапында да 4 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 4 спорт шебері атағы бар титулды спортшылар енді. Бұл спортшылардың Zhubanov University білім алушылары екені оқу орны үшін айрықша құрметке лайық жетістік. ҚР кубогында әр тақта бойынша швейцар жүйесімен 6 тур өткізілді. Жарыс қорытындысы төмендегідей болды.

I-орын Ақтөбе облысы – 25,5 ұпай

II-орын Павлодар облысы – 22,5 ұпай

III-орын Батыс Қазақстан облысы – 22 ұпай

IV-орын Жамбыл облысы – 19 ұпай

V-орын Қызылорда облысы – 9 ұпай

VI-орын Шығыс Қазақстан облысы – 18,5 ұпай

VII-орын Қостанай облысы – 18,5 ұпай

VIII-орын Маңғыстау облысы – 14,5ұпай

IX-орын Түркістан облысы – 14,5ұпай

X-орын Ақмола облысы – 6 ұпай

Бабалар мұрасы – тоғызқұмалақты түркі әлемінде көшпенділер алгебрасы деп атайды. Қашықтан оқыту кезінде тоғызқұмалақ федерациясы қолдауымен еліміздің кейбір мектептерінде дене шынықтыру пәні мұғалімдерін тоғызқұмалаққа бейімдеп, сәйкесінше сертификат берілуде. Себебі тоғызқұмалақ online арқылы сабақ өткізуге қолайлы. Сонымен қатар кез-келген оқушы Польшаның Playok.com порталына кіріп, тіркелу арқылы тоғызқұмалақты тегін ойнай алады. Мұндай мүмкіндікті тоғызқұмалақ федерациясы жасап отыр. Желтоқсан айының 21 мен 23 аралығында Қазақстанның барлық оқушылары арасында "Батыл бол" тоғызқұмалақ турнирі өткізілмек. Сонымен қатар алматылық үздік спортшы Аружан Рахматуллаева тоғызқұмалақ ойынын қазақ, орыс және ағылшын тілінде online үйретіп жүр. Осының бәрі бар қазаққа ортақ мүдде этностық мақтаныштарымызды әлемдік биікке көтеріп, ұлтымызды дүние жүзіне оң пікірде танытуға ықпал беретіні сөзсіз. Атадан балаға мирас болып келе жатқан тоғызқұмалақ ойынын ұлтымыздың бренді деуге толық хақылымыз.

**Гүлнара Қараша**



## Тоғызқұмалақ ойынының негізгі ережелері

Тоғызқұмалақ ойыны екі адам арасында арнайы тақтада ойналады. Ойын тақтасы 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады.

Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған 81 құмалақ тиесілі.

Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны бастаушы, екінші жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп атайды.

Жүріс жасау үшін ойыншы өз жағындағы отаулардың бірінен сегізін алып, біреуін орнында қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратады. Тарату сәтінде құмалақтар отаулардан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынды деп есептеліп, өз қазанына салынады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауына түссе, құмалақ ұтып алынбайды. Отаудағы жалғыз құмалақ көрші отауға жүргенде, орны бос қалады. Жүріс жасаған кезде отауларға құмалақ салмай немесе екі-үш құмалақ бөліп алып жүруге болмайды.

## Атсырау ережесі

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ кеми бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері азая береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірі өз отауларында жүріс жасай алмай қалатын жағдай да кездеседі. Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші тауысып алып, жүріссіз қалуы «атсырау» деп аталады. Мәселен, қостаушы атсырауға ұшыраса, бұл жағдайда бастаушы қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады. Сөйтіп, бастаушы жеңімпаз атанады. Егер ойыншы ойын барысында 82 құмалақ жинаса, ойын бірден тоқтатылып, сол ойыншы жеңімпаз болып танылады.

## Тұздық алу

Тоғызқұмалақта құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде «тұзды үй» деп атаған. Бүгінде «тұздық» дейді. Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде қарсыластың екі құмалағы бар отауына ойыншы таратқан құмалақтардың соңғысы түсуі керек. Сонда сол отауда қалыптасқан үш құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, қарсыластың отауы ойынның соңына дейін ойыншының меншігіне айналады. Яғни жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ міндетті түрде ойыншының қазанына салынып отырады. Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде «Х» деген шартты таңбамен белгіленеді. Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отаудан ешқашан алынбайды. Сондай-ақ тұздық аттас отаулардан алынбайды. Мәселен, егер бастаушы №2 отауға тұздық қойса, екінші ойыншы оның №2 отауына тұздық сала алмайды.

## Тоғызқұмалақ ойынының негізгі терминдері:

- Құмалақ
- Қазан
- Отау
- Бастаушы
- Қостаушы
- Тұздық
- Атсыра

☑ Regional medicine



Руслан ҚАЖҒАЛИЕВ
Ақтөбе Медицина Орталығының І-санатты дәрігер-нейрохирургі нейроинтервенционды хирург әуесқой спортшы

# НЕЙРОХИРУРГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МҮМКІНДІГІ ЖЕТКІЛІКТІ

**— Нейрохирургия саласы медицинаның күрделі саласы. Қазақстанда соңғы оншақты жылда болар, дамуы қарқын ала бастағаны. Біздің өңірдегі жағдайы жайлы не айтар едіңіз?**

— Ақтөбе өңірінің нейрохирургия саласы еліміздің ірі нейрохирургия орталықтарынан қалмай дамып жатыр десем артық айтқаным болмас. Қазіргі таңда 3-4 жыл бұрын жасалмаған күрделі оталар облыс орталығындағы мен қызмет жасайтын Ақтөбе Медициналық Орталығы және Жедел жәрдем көрсету ауруханасында жасалып жатыр. Осыған дейін науқастар квота арқылы Астана және Алматы қалаларына жолданатын еді. Көптеген жас нейрохирург дәрігерлер оқу бітіріп келіп, нейрохирургияның жаңа қырларын енгізуде. Сондықтан біздің өңірдегі нейрохирургия саласы соңғы төрт жылда қарқынды дамып жатыр деп айтуға болады.

**— Нейрохирургиялық науқастар көбіне қандай шағыммен келеді? Бізде қандай ауралар түрі көп кездеседі? Себебі неде?**

— Көптеген науқастар белі ауырып, ауырсыну аяғына таралып, аяқ бастары ұйып, бел омыртқасының бір жанына қисаю шағымдарымен өте жиі келеді. Аурулар түрі сан алуан: оның басым бөлігі бел сегізкөз аймағының остеохондрозы, бас-ми жарақаттары және де омыртқа жұлын-ми жарақаттары салдарынан кейінгі жағдайлар. Бас-ми тамырларының патологиясы да өте жиілеп кетті, соның ішінде бас ми тамырларының аневризмалары, бас-ми қан тамырларының стенноздары, яғни тарылулары, соңғысының салдарынан көптеген науқастар инсультке шалдығып жатыр.

Себептері де көп. Остеохондроз себебі, аз қозғалысты өмір салты, спортпен шұғылданбау, ауыр физикалық жүктемелер, бұл себеп атқаратын қызметіне де байланысты (ұзақ уақыт отырып немесе тікелей тұра жұмыс істеу т.б.), инсульт себептері де өте көп, гиподинамия, яғни аз қозғалыс, темекі шегу, спирттік сусындарды шамадан тыс пайдалану, артериялық гипертензия, дене массасының шамадан тыс болуы (семіздік), көптеген стрестік жағдайлар.



**— Ақтөбе Медицина Орталығының нейрохирургия бөлімінде нейрохирургиялық ота жасауға қандай жағдайлар бар?**

— Ақтөбе Медицина Орталығында нейрохирургиялық оталар жасауға барлық жағдайлар жасалған. Заманауи жаңа нейрохирургиялық микроскоп Leica M530 OHX бар, осы құрылғы арқылы көптеген күрделі оталар жасалып жатыр, соның ішінде бас-ми және жұлын-ми ісіктері, периферийлық жүйкелер пато-

логиясына, сонымен қатар, омыртқа патологиясына ота жасауға С-доға аппараты, рентген-сәулесін толық өткізетін карбонды операциялық үстелі, ультра дауысты аспирациялық диссектор Cusa Exsel + аппараты бар. Нейрохирургиялық оталар жасау үшін барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгенбіз. Бас-ми және жұлын-ми ісіктері кезіндегі отада, ісіктердің орналасуын ота алды анықтау үшін нейронавигациялық Stealth Station S8 жүйесі орнатылған.

**— Соңғы кезде радиохирургия туралы айтылып жүр. Бұл әдіс қолданыста ма?**



— Қазір біздің өңірде нейроинтервенция саласы қарқынды дамып келе жатыр. Ақтөбе Медицина Орталығында да мұндай оталар жасалып жатыр. Өзім 2019 жылы маусым-қараша айлары аралығында біріншілік қайта даярлау курсын «Интервенциялық хирургия, ангиохирургия» саласы бойынша Алматы қаласындағы «Орталық клиникалық ауруханасы» акционерлік қоғамында өткен болатынмын. Осы бағытты меңгергесін біздің орталықта да сондай оталарды жасай бастадық. Болашақта бұл саланы кеңінен енгізу жоспарымызда. Жалпы алғанда өңірде нейрохирургиялық көмек көрсету мүмкіндігі жеткілікті деп ойлаймын.

**— Кейбірде бүйрек ауырып, омыртқа жотасындағы өзгерістерге көңіл бөлінбейді дейді. Дәрігерлер де шатасатын сияқты. Осы туралы пікір қоссаңыз.**

— Иә, бүйрек ауруын омыртқа ауруымен жиі шатастырып, емдеп жатады, әсіресе аудандық және ауылдық жерлерде еңбек етіп жатқан жалпы тәжірибелік жас дәрігерлер. Менің жеке пікірім, дәл диагноз қою күмәнді болса, еш ұялмай тәжірибесі мол дәрігерлермен кеңесуге болады, немесе науқастың өзін қалалық ауруханаларға кеңеске жіберу керек деп есептеймін, себебі ауданда нейрохирург дәрігерлер жоқ, неврологтар ғана бар.

**— Сіз әуесқой спортшысыз. Футболмен, үстел теннисімен шұғылданасыз. Нәтижелеріңізді естіп жатырмыз. Спортқа оң көзқарас дәрігер ретінде қалыптасты ма әлде одан ертерек пе?**

— Спортпен шұғылданғаныма көп жылдар болды. Бала кезімнен басталды, кәсіби спортшы болуды армандадым. Есейе келе ойым өзгеріп, медицина мамандығын таңдадым. Алайда спорттан қол үзбедім. Жеңіл атлетикамен бірнеше жыл айналыстым, мектеп кезінде қалалық жарыстарда талай рет жүлдегер атандым. Кейін үстел теннисімен және футболмен айналысып жүрдім. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетіне түскен соң тек футболға көңіл бөлдім. 2017 жылы Алматыда алғаш рет Қазақстан дәрігерлері арасында футболдан жарыс ұйымдастырылды. Сол жарысқа Ақтөбе дәрігерлері құрамасының капитаны ретінде барған болатынмын, 2-ші жүлделі орын алдық. Кейін Қазақстан дәрігерлері құрамасына шақырту алып, бірнеше жарыстарға қатыстым. 2018 жылы Ташкентте өткен Достастық кубогінде жүлделі 3-ші орын, 2019 жылы Черногорияның Будва қаласында өткен медицина қызметкерлері арасындағы Олимпиада ойындарында жүлделі 1-ші орын, 2020 жылы Польшаның Краков қаласында медицина қызметкерлері арасындағы Әлем чемпионатында жүлделі 2-ші орынға ие болдым. Мен үшін спорт пен медицинаны бірге алып жүру өте оңай. Сондықтан айтарым, әр адам құнттай алса негізгі кәсібінен тыс спортпен айналыса алады.

**— Әлем қазір Covid19 індетімен күресуде. Тажал вирустың пайда болғанына бір жыл уақыт болды. Сіз пандемияның бірінші толқынында квалификацияңызды уақытша өзгертіп, провизорлық стационарда науқастарға жәрдем бердіңіз. Енді екінші толқыны басталды. Мәселені саясиландырып, сенбей жүрген адамдар көп. Осы белгісіз күмәннан әлі арыла алмағандарға дәрігерлік ақыл-кеңесіңізді айтсаңыз.**

— Пандемияның бірінші толқыны кезінде Ақтобе Медициналық Орталығы провизорлық стационар ретінде қызмет атқарды. Сонда біраз әріптестеріммен бірге уақытша квалификациямызды өзгертіп халық денсаулығы үшін қызмет еттік. Өкінішке қарай, көптеген тұрғындарымыздан айырылдық, ішінде жасы да, егдесі де болды. Ол қатерді де өткіздік деп ойлағанда, бұл індет әлемді қайта сілкіндіріп жатыр. Иә, екінші толқын туралы болжамалар жиі айтылды, күтілуде болды ғой. Еуропа елдерінде бұл індет күш алуда. Еліміздің шығысында өршіп барады. Ақтөбеде де жаңа жағдайлар тіркелуде. Менің ойымша енді індетке сенбеген адам қалмаған сияқты, кімде-кім болмасын туысынан немесе танысынан айырылды. Дәрігер ретінде айтар кеңесім, жабық бөлмелерде маскалық режимді, арақашықтықты қатаң сақтаңыздар, адам көп жиналатын жерге бармаңыздар, үйіңіздің бөлмелерін жиі желдетіп, тазалап, жуу керек. Әр адам санасымен ойланып, осы ережелерді сақтаған жағдайда ғана бұл індетті жеңеміз.

**Сұқбат алған**
**Гүлнара Қараша**



☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## АҚТӨБЕ — АҚБӨКЕНДЕР МЕКЕНІ

Zhubanov University ректоры Бауыржан Ердембековтің бастамасымен жаңа «Ақтөбе – ақбөкендер мекені» жобасы басталды.

Жоба авторы, ректордың айтуынша басты мақсат – ақбөкенді Жұбанов жастарының тұмарына, Ақтөбенің символына айналдыру. «Ақбөкеннің Отаны – осы өңір. Киелі аң, мінезі, тағдыры қазаққа келеді. Ол туралы көп айтуға болады. Бүгінгі Ақтөбенің символы қызғалдаққа Алатау өңірі де, шетелде голландықтар да таласа алады, ал ақбөкен бізге жақын ғой. Көзі мөлдіреген бейкүнә құралай біздің символымыз болса қандай керемет», — дейді ол. Жобаға университеттің профессор-оқытушы құрамынан биологтар, экологтар, географтар, тарихшылар және музыканттар қатысуда. Олар ақбөкенге қатысты барлық деректерді жинап, жаңа тұжырымдар жасайтын болады. Жоба Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты мамандарымен бірге жүзеге асуда. Қазір резерваттың бақылауы мен қорғауында 72 мың ақбөкен бар.

## АКТОБЕ — РОДИНА САЙГАКОВ

Ректор Zhubanov University Бауржан Ердембеков запустил новый проект «Актобе - родина сайгаков». По словам автора проекта, главная цель - сделать сайгаков талисманом молодых жубановцев, символом Актобе. «Наш регион - родина сайгаков. Это священное животное, образ, судьба которого тесно переплетены с казахским народом. Нынешний символ современного Актобе - тюльпаны. Этот символ могут отнести к себе и регионы Алатау, зарубежные голландцы. А сайгак все же ближе к нам. Ведь это замечательно, что наш символ - невинное животное с кристальными глазами», - сказал ректор. В проекте участвуют биологи, экологи, географы, историки и музыканты университета. Они намерены собрать все данные по сайгакам и приподнести новые уникальные данные. Проект реализуется совместно со специалистами Иргиз-Тургайского государственного природного заповедника. В настоящее время под контролем и охраной заповедника находится 72 000 сайгаков.

## AKTOBE — THE BIRTHPLACE OF SAIGAS

Rector of Zhubanov University Baurzhan Erdembekov launched a new project “Aktobe - the homeland of saigas”. According to the author of the project, the main goal is to make saigas a talisman of young Zhubanovites, a symbol of Aktobe. “Our region is the birthplace of saigas. This is a sacred animal, an image whose fate is closely intertwined with the Kazakh people. The current symbol of modern Aktobe is tulips. This symbol can also be attributed to the regions of Alatau, foreign Dutch. And the saigak is nevertheless closer to us. It is wonderful that our symbol is an animal with crystal eyes, ”said the rector. The project involves biologists, ecologists, geographers, historians and university musicians. They intend to collect all data on saigas and present new unique data. The project is being implemented jointly with specialists from the Irgiz-Turgai State Natural Reserve. Currently, 72,000 saigas are under the control and protection of the reserve.



☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ЖҰБАНОВ ЖЫЛЫЖАЙЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ДӘМСЫНАҒЫ

Zhubanov University гранттық қаржыландыруындағы "Ашық және қорғалған топырақта қиярдың отандық селекциялық сорт үлгілерін өсірудің технологиясы» ғылыми жобасы сәтті жүзеге асуда. Ғылыми жобамен "Биология" кафедрасы ұжымы айналысады.

Жақында жобаны жүзеге асыруда бөгде ұйым ретінде алынған Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Кайнар» аймақтық филиалының ғалымдары: көкөніс дақылдарының тектік қоры және селекциясы бөлімінің зертхана меңгерушісі, отандық қияр сорттарының оригинаторы, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты А.Нусупова мен жобаның ғылыми кеңесшісі, аталған мекеменің ғылым үйлестірушісі, картоп селекциясы, тұқым шаруашылығы және биотехнологиясы бөлімінің меңгерушісі, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Тоқбергенова Ақтөбеге арнайы іссапарында Жұбанов жылыжайында болып, жобаның жүзеге асу барысымен танысты. Онда зерттеу тобының мүшелері: биология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә.А.Базарғалиева, PhD доктор Н.А.Утарбаева, магистр Н.Е.Ташигулмен бірге экологиялық сорт сынақтан өткізіліп жатырған қиярдың селекциялық сорт үлгілерінің жайы бақыланды. Биометриялық өлшеулер жүргізілді, өнімнің түсімі есепке алынды. Тиісті талаптарға сай қиярдың сорт үлгілеріне дәмсынақ жасау рәсімі ұйымдастырылды.





## ДИГУСТАЦИЯ ПРОДУКЦИИ ТЕПЛИЦЫ ЖУБАНОВА

Финансируемый грантом Zhubanov University научно-исследовательский проект «Технология выращивания отечественных селекционных сортов огурцов в открытых и защищенных почвах» успешно реализуется.

Осуществляется проект сотрудниками кафедры биологии. Ученые регионального филиала «Казахский научно-исследовательский институт плодоовощного производства» ТОО «Кайнар»: заведующая лабораторией селекции овощных культур, создатель отечественных сортов огурцов, кандидат сельскохозяйственных наук А.Нусупова и научный руководитель проекта, научный координатор вышеназванного учреждения, заведующая отдела селекции, семеноводства и биотехнологии картофеля, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент Токбергенова Ж. в ходе рабочей поездки в Актобе посетили теплицу Жубанова и ознакомилась с ходом реализации проекта. Членами исследовательской группы: кандидат биологических наук, доцент А.А.Базаргалиева, PhD доктор Н.А.Утарбаева, магистр Н.Е.Ташигул, проведены наблюдения за условиями селекции сортов огурцов, которые проходят испытания на экологические сорта. Проведены биометрические измерения, учтены поступления продукции. В соответствии с установленными требованиями была организована дегустация сортов огурцов.

## TASTING OF ZHUBANOV'S GREENHOUSE PRODUCTS

The research project "Technology for growing domestic breeding varieties of cucumbers in open and protected soils" funded by a grant from Zhubanov University is being successfully implemented. The project is being implemented by the staff of the Department of Biology. Scientists of the regional branch "Kazakh Research Institute of Fruit and Vegetable Production" LLP "Kainar": head of the vegetable breeding laboratory, creator of domestic varieties of cucumbers, candidate of agricultural sciences A.Nusupova and scientific supervisor of the project, scientific coordinator of the above institution, head of the selection, seed production and potato biotechnology, candidate of agricultural sciences, associate professor Tokbergenova Zh. during a working trip to Aktobe visited Zhubanov's greenhouse and got acquainted with the progress of the project. Members of the research group: Candidate of Biological Sciences, Associate Professor A.A.Bazargalieva, PhD Doctor N.A.Utarbaeva, master N.E.Tashigul, observations were made of the breeding conditions for cucumber varieties that are being tested for ecological varieties. Biometric measurements were carried out, product receipts were taken into account. In accordance with the established requirements, a tasting of cucumber varieties was organized.

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## АҚШ-ТЫҢ ЖАҢА БІРІНШІ ХАНЫМЫ — ПЕДАГОГ

АҚШ-тың 46-шы сайланған президенті Джо Байденнің жары Джилл Байден Солтүстік Вирджиния қоғамдық колледжінде ағылшын тілі профессоры болып қызмет жасайды. Ол сайлауалды науқан кезінде күйеуі жеңіске жетіп, президент болған күнде сүйікті кәсібін тастауды жоспарламайтынын айтқан еді. Осылайша, Джилл Байден елдің бірінші ханымы бола тұра, тағы бір ақылы жұмысқа ие АҚШ тарихындағы алғашқы бірінші ханым атануы мүмкін.

«Сабақ беру тек жұмысым емес. Бұл менің тұлғалық бейнемді анықтайтын көрсеткіш», — деп жазды ол өзінің Твиттер-аккаунтында биылғы тамызда. Жақында әйелдерге арналған Vogue сән журналына берген сұхбатында ол: «Мен жұмыс істегенді жақсы көремін», — деп мойындады. Ұстаздық ету — жанымның құмары. Бұл менің мансабым және өмірімдегі басты басымдықтардың бірі, сондықтан мен мұны әрі қарай жалғастыра аламын және сонымен бірге бірінші ханым жасауға міндетті барлық істерді қоса атқара аламын деп ойлаймын». Жаңа бірінші ханымды қызықтыратын негізгі бағыт — бұл білім беру саласы. Алдағы жылдары Джилл Байден АҚШ қоғамдық колледждерінде жастардың ақысыз білім алуы үшін белсенді жұмыс істеуге ниетті. Американың қоғамдық колледждері — біздегі кәсіптік колледждердің ішінара аналогы.

Джо Байден 8-қарашада сайлауда жеңіске жеткені туралы жарияланған күні сөйлеген сөзінде Джилдің қызметі туралы да айтты. «Бұл күн Америкадағы барлық педагогтар үшін тамаша күн. Көп ұзамай сіздердің Ақ үйде өз өкіліңіз болады. Джилл керемет бірінші ханым болады. Мен оны мақтан тұтамын!»,— деді жаңа сайланған президент.

## ПЕРВАЯ ЛЕДИ США — ПЕДАГОГ

Супруга 46-го новоизбранного президента США Джо Байдена Джилл Байден является профессором английского языка общественного колледжа Северной Верджинии. Еще во время предвыборной кампании при победе мужа она обещала продолжать свою любимую работу. Так, Джилл Байден может стать первой среди первых леди в истории США, работающих на зарплату. «Преподавание — не просто моя работа. Это показатель определения моего личностного образа», — написала она в августе в своем аккаунте на Twitter. В недавнем интервью модному журналу Vogue она призналась: «Я люблю работать. Преподавание — страсть моей души, главный приоритет моей карьеры. Думаю, что смогу совмещать свою работу с делами, которые должна выполнять первая леди». Главным направлением, интересующим первую леди, является сфера образования. В ближайшие годы она планирует активную работу по внедрению бесплатного обучения в общественных колледжах США. Американские общественные колледжи — аналог наших профессиональных колледжей. В своей речи, в день объявления его победы на выборах 8 ноября, Джо Байден отметил: «Этот день прекрасный для всех педагогов Америки. В скором у вас появится свой представитель в Белом доме. Джилл станет достойной первой леди. Я горжусь ею!»

## THE FIRST LADY OFTHE UNITED STATES IS AN EDUCATOR

The wife of the 46th newly elected President of the United States, Joe Biden, Jill Biden is a professor of English at Northern Virginia Community College. Even during the election campaign, if her husband wins, she promised to continue her favorite job. So, Jill Biden could become the first among the first ladies in the history of the United States to work for a salary. “Teaching is not just my job. This is an indicator of my personality definition, ”she wrote in August on her Twitter account. In a recent interview with fashion magazine Vogue, she admitted: “I love working. Teaching is my top priority in my career. I think I can combine my work with the things that the first lady must do. “ The main area of interest to the first lady is education. In the coming years, she plans to work actively to introduce free education in US community colleges. American community colleges are analogous to our professional colleges. In his speech on the day he announced his election victory on November 8, Joe Biden said: “This is a wonderful day for all educators in America. Soon you will have a representative in the White House. Jill will be a worthy first lady. I’m proud of her! “

## ТҮРКІСТАНДЫҚ КӘСІПКЕР АНАР ӨСІРЕДІ

Айбек Сарыбаев үй ауласындағы анар бағынан биыл екі рет өнім алды. Әзірше бір түптен 2-3 келі анар жиылды. Жас бағбан барлығы 60-қа жуық түп отырғызған. Субтропикалық жемістің жерсінуі ұзақ процесс. Шөліркеп қалса анар жемісі сынып кетеді. Жергілікті климаттың ерекшелігіне үйретуге әлі төрт-бес жыл қажет. «Ең қиыны күзде көміп, ерте көктемде аршып алу», — дейді кәсіпкер. «Анардың екі түрін өсіремін. Тәтті сорты төзімді, сондықтан көп отырғыздым». Оның анар өсіру бизнес идеясын облыстық кәсіпкерлікті қолдау комиссиясы бірден мақұлдапты. Бағбанның негізгі мамандығы автоэлектрик. Ол «Еңбек» бағдарламасы арқылы кәсіпкерліктің қысқа курсын бітіріп алған. Ал анар өсіруді аграрлық әдебиеттер оқып үйреніпті. Мемлекеттен 500 мың теңге грант ұтқан. Ерекше жеміс өсіруге төселе бастаған Айбек Сарыбаев мемлекеттен 10 гектар жер бөлуді сұрап отыр. Ол жерге 5 мың түп анар ағашын екпекші. Егер өтініш шешімін тапса тек ішкі нарықты қамтамасыз етпей, анарға сұранысы жоғары Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея елдеріне экспорттауға да ниетті.

## ТУРКЕСТАНСКИЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ ВЫРАЩИВАЕТ ГРАНАТЫ

В этом году Айбек Сарыбаев дважды собирал урожай граната со своего двора. Пока одно растение дает 2-3 кг плодов. Всего молодой садовник посадил около 60 кустов. Заселение субтропических фруктов — долгий процесс. При сухой жаре плод граната ломается. Чтобы приучить растение к местному климату, потребуется еще четыре-пять лет. «Самое сложное — закопать его осенью и очистить ранней весной», — говорит предприниматель. Его бизнес-идея выращивания гранатов сразу же была одобрена региональной комиссией по поддержке бизнеса. Основная профессия садовода — автоэлектрик. Прошел краткий курс предпринимательства по программе «Труд». Изучает сельскохозяйственную литературу. Он выиграл грант в размере 500 тысяч тенге от государства. Айбек Сарыбаев обратился к государству с просьбой выделить 10 га земли. Здесь будет посажено 5 000 гранатовых деревьев. Если заявка будет одобрена, он намерен не только поставлять на внутренний рынок, но и экспортировать гранаты в Россию, Китай и Южную Корею, где они пользуются большим спросом.

## TURKESTAN BUSINESSMAN GROWS POMEGRANATES

This year Aibek Sarybaev twice harvested pomegranate from his yard. While one plant produces 2-3 kg of fruits. In total, the young gardener planted about 60 bushes.

Populating subtropical fruits is a long process. In dry heat, the pomegranate fruit breaks. It will take another four to five years to accustom the plant to the local climate. “The most difficult thing is to bury it in the fall and clean it up in early spring,” says the businessman.

His business idea of growing pomegranates was immediately approved by the regional business support commission. The main profession of a gardener is an auto electrician.

He completed a short course in entrepreneurship under the “Enbek” program. Studying agricultural literature. He won a grant of 500 thousand tenge from the state. Aibek Sarybaev appealed to the state with a request to allocate 10 hectares of land. 5,000 pomegranate trees will be planted here. If the application is approved, he intends not only to supply to the domestic market, but also to export pomegranates to Russia, China and South Korea, where they are in great demand.

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



### СТУДЕНТТЕР САРАЙЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖАРҚЫН ҮНІНЕ ТОЛДЫ

Тұрғызылғанына 20 жылдан астам уақыт озған Zhubanov University Студенттер сарайы заманауи жабдықталып, оның жаңартылған сахнасында ЖОО-ның 85 жыл мерейлі тойына орай студенттерге марапат көрсетілді. Университет ректорының арнайы бұйрығымен 44 озат жастың кеудесіне «Үздік студент» төсбелгісі тағылды.

Осылайша, Covid19 індеті басталғалы бос тұрған сарай жастардың жарқын үніне толды.

Марапатталған жастардың бәрі таңдаған мамандықтары бойынша үздік оқумен қоса, қоғамдық, азаматтық белсенділіктері жоғары, талапты, дарынды, тәрбиелі. Олардың университеттің дамуына, танымалдылығына қосып жатқан үлестері зор.

### ДВОРЕЦ СТУДЕНТОВ НАПОЛНИЛСЯ ЯРКИМИ ГОЛОСАМИ МОЛОДЕЖИ

Дворец студентов Zhubanov University построен более 20 лет назад. После его переоснащения современным оборудованием на его отреставрированной сцене чествовали студентов в рамках празднования 85-летия ВУЗа.Специальным приказом ректора университета 44 активиста удостоены медали «Лучший студент». Таким образом, дворец, опустевший с начала пандемии COVID-19, наполнился яркими голосами молодежи. Все студенты, получившие награды, помимо хороших показателей в учебе по выбранным ими профессиям, имеют высокую социальную активность, талантливы и интеллектуальны. Они вносят весомый вклад в развитие и популярность университета.

### THE STUDENTS' PALACE IS FILLED WITH BRIGHT VOICES OF YOUTH

Zhubanov University's student palace was built over 20 years ago. After its re-equipment, students were honored on its restored stage as part of the celebration of the 85 th anniversary of the university. By a special order of the university rector, 44 activists were awarded the "Best Student" medal. Thus, the palace, empty since the beginning of the COVID-19 pandemic, has been filled with bright voices of youth. All students who have received awards, in addition to good performance in their studies in their chosen professions, have a high social activity, talented and intellectual. They make a significant contribution to the development and popularity of the university.



**Жаңалықтарды интернет материалдары бойынша дайындаған Айерке Сұлтанбекова**



# Полезный курт



Курт — это высушенный концентрат из натурального молока, консервированный солью.

Для приготовления курта используют коровье, овечье и козье молоко. Этот продукт является национальным блюдом казахской, азербайджанской, башкирской, монгольской, алтайской и узбекской кухонь. Есть больше 20 рецептов традиционного лакомства. Курт подают не только с горячими блюдами, он может быть и сладким десертом.

Продукт обладает уникальным составом: полноценные молочные белки, биологически активные вещества, углеводы, ферменты, микроэлементы, в том числе кальций, витамины.

Особое место курт занимает в казахской народной медицине. Молочные шарики используют как тонизирующее средство при истощении, малокровии, умственном и физическом переутомлении, депрессии, сердечном недомогании, применяется при жидком стуле и укусе змеи. В старину лекари использовали вскипяченный курт с молоком, как эффективное лекарство от туберкулеза, легочных и простудных заболеваний и ангины. В восточном регионе Казахстана курт добавляют в горячий мясной бульон (сорпа) в качестве противовоспалительного и жаропонижающего средства.

Подготовила
Айерке Султанбекова

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы - ректор Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды